


«Қостанай қаласы білім бөлімінің Ғ.Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Мектепшілік қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №5



Күн: 04.01.2023 ж.

Өткізілу формасы: дәстүрлі

№ Каттықандар:

мектеп директоры – Молдахаликов А.Н.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ахметова М.Н.

- әлеуметтік педагог – Кошенова Қ.Ж.

Қатысқан қамқоршылық кеңес мүшелері: 9

Күн тәртібінде: Білім беру ұйымдарында 2023 жылға арналған тамақтану құнын арттыру

Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша мектеп директоры А.Н. Молдахаликов тыңдалды:

"Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қостанай қаласының білім бөлімі" ММ "Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 490 Бұйрығы туралы хабарлайды, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ балалардың тамақтануын қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алуда, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленушілер мен білім алушылар" білім бөлімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Атап айтқанда:

1. 26, 134, 224, 314-тармақтар алынып тасталды: "отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін конкурсты ұйымдастырушы (Тапсырыс беруші) тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде техникалық тапсырмада, шартта әлеуетті өнім берушілерге отандық өндірілген тамақ өнімдерінің кемінде 60% (алпыс пайызы) сатып алу туралы талаптарды көздейді".

2. 108-1-тармақпен толықтырылды: "білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзімен бірге әкелінген тамақты қабылдау үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде білім беру ұйымдарының басшыларына:

* "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 07 желтоқсандағы № 490 бұйрығына енгізілген өзгерістерді зерделеу.

* Өздерімен бірге үй тағамдарын алып келетін оқушыларға қажетті жағдай жасау үшін азық-түлік жеткізушілерімен жұмыс жүргізу.

Осылайша, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап оқушылар үшін ыстық тамақ құны 18 пайызға өсіп, оқушылардың барлық санаттары үшін 450 теңгені құрайтындығын айтты. Сонымен қатар, 2023 жылға бекітілген перспективалық ас мәзірі қолданыста болатындығын да ескертті.

Шешім:

1. 2023 жылға тамақтану құны №9 ЖББМ оқушыларының барлық санаттары үшін 450 теңге болып бекітілсін.
2. 2023 жылға бекітілген перспективалық ас мәзірі қолданысқа енгізілсін.
3. Тамақтану құнының өзгерістері туралы ата-аналарға толық хабардар етілсін.
4. Ақпарат мектептің ресми парақшаларына салынсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Ибраева Т.К.

Хатшы:

 М.Н.Ахметова